## Талдық негізгі орта мектебі бойыншааға тәлімгер Айматова Гүлбағданың 2023-2024 оқу жылы бойынша жылдық есебі

* 1 қыркүйек барша халықтың дәстүрлі мерекесі. Бұл мерекенің жылдан жылға мәні артып келеді десек артық айтқандық емес.Себебі оқушылар үшін жаңа мүмкіндіктің жаңа белестің бастауы болса мұғалімдер үшін тың тәжірибе енгізуі басталатын кезең болып табылады.Өткен оқу жылы мектебіміз үшін табысты жыл болды.

Шараға келген қонақтар жылы лебіздерін айтып, биылғы оқу жылына сәттілік тіледі.
Шара барысы ән айтып, мың бұралған биге ұласты.
23.10.2023 жылы "Өзін-өзі басқару" Мектеп президентін және Кондидаттарын,еріктілер клубының президентін сайлау рәсімі өткізілді. Сайлауға үміткер ретінде 9 сыныпоқушылары ұсынылды. Сайлау өз деңгейінде өткізілді.

Сайлау мақсатында 5-9 сынып оқушылары арасында мектепішілік жиын өткізді.

Жиын барысында ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналғанмемлекеттік бағдарламасына сәйкес «Мектеп парламенті» білім алушыларының өзін – өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын іске асыру, білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзіреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылық қабілеті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдірумүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу мақсатында өзін – өзі басқару органдарының фракция мүшелерінің және мектеп президентінің міндеттерін түсіндіріп өтіп, ашық дауыспен сайлауды ұсынды. Сайлау нәтижесінде Мектеп президенті және фракция мүшелері сайланды.

"Өзін -өзі басқару" Мектеп президенті

Қайырғалиқызы Инабат

т

сайланды

Scanner App Lite

- «Абайлаңдар балалар!» Жолда жүру ережелерін түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

- Қарттар күніне орай бастауыш сынып оқушылары «Менің сүйікті атам мен әжем» «Қарттарым, асыл қазынам» атты тақырыпта қабырға газеттерін шығарды.

- 

- «ДУБЛЕР КҮНІ»

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің Республикалық қосымшабілім беру оқу- әдістемелік орталығы мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын
жандандыру , тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатына Жалтыр негізгі  мектебінде 30қыркүйек күні «Дублер күні» өткізілді. Мектеп әкімшілік мүшесі, пән мұғалімдерін жалпы 9 оқушылар алмастырылды. «Дублер күні» жасалатын жұмыстарымен ұйымдастырылатын шараларды таныстырды. Оқушылар жаңартылған білім
мазмұны бойынша сабақ өтті, соңында жиналыс жасалып, оқушылар өз пікірімен ұсыныстарын айтты .

Ұстаздар күні мерекесіне арналған «Ұстаз!Сіздің алдыңызда» атты мерекелік іс-шарамыз өткізілді. Ұйымдастырылған іс-шара барысында оқушылар дайындаған ән, билерін ұстаздар тамашалап, жақсы көңіл күйменалғыстарын айтты. Ұлағатты ұстаздарымызды төл мерекемен



құттықтады.

- "Ұшқыр ой аланы" дебат клубының 2023-2024 оқу жылындағы дебат қозғалысының бағыт- бағдарымен таныстырып өтті.

Мектебімізде "Өзің өзі басқару" ұйымының мүшелерінің

ұйымдастыруымен «Ұстаз болу...» тақырыбында дебат өтті.

«Арайлы алтын күз» атты 5-9 сынып арасында көрме өтті.

- "25 қазан—Республика күні" мерекесі аясында «Менің елім Қазақстаным» мерекелік кеш өтті.
- Мақсаты: Республика күнінің маңызын ұғындыру. Оқушылардың бойына

«Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық патриоттық идеясының құндылықтарын сіңіру.

- Отанға деген сүйіспеншіліктерін ояту, елін, жерін қадірлей білуге үйрету.
- Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында есірткіге (нашақорлыққа) қарсыкүрес жүргізілуі барысында «Біз темекісіз Қазақстанды қолдаймыз» тақырыбы бойынша сынып сағатын өтті.

- «16 Желтоқсан-Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні» мерекесіне орай іс-шара жоспары түзіліп, бастауыш сыныптар арасында «Тәуелсіз елдің мақтанышы» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды.

«16 Желтоқсан-Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні» мерекесінеорай іс-шара ұйымдастырылды.

Мақсаты:

Тәуелсіздіктің 33 - жылдық мерекесіне орай мерекелік шара ұйымдастыруарқылы 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының маңызы жайлы, аталарымыз
аңсаған тәуелсіздігіміздің мазмұнының тереңдігінен сыр шерту;

- Білім алушылардың тіл байлығын, сөйлеу мәдениетін, өнерін дамыту;

- Өз елінің тарихын білуге, отанын сүюге, ұлтаралық достыққа, ерліккебаулу, патриоттық тәрбие беру.

- Жаңа 2024 жыл бақыт, шаттық, қуаныш, құт-береке әкелсін! Жаңа 2024 жылда ырыстарыңыз көп болып, табыстан табысқа жете беріңіздер! Жаңа 2024 жылдағы жоспарларыңыз іске асып, тілектеріңіз орындалсын!

- Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

- 19.01.2024 жылы "МектепПарламенті" оқушылардың өзін-өзі басқару, ұйымының кезекті жиналысы өтті.

Scanner App Lite

- Мақсаты: оқушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтікшығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесіне әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу. Жиналыста парламент мүшелерінің І жартыжылдықта атқарған жұмыстары талқыланып, ІІ жарты жылдық жұмыс жоспарларымен таныстырылды. Сонымен қатар жоспарға сай сапалыжұмыстар жүргізу тапсырылды.

1- наурыз Алғыс айту күніне орай «Өзін-өзі басқару» ұйымының оқушылары ұстаздарға таңғы көңіл-күй сыйлап, жүректерінен шыққан жылы лебіздерін, сонымен қатар «Мың алғыс» жәшігіне оқушыларымыз ұстаздарына, ата-анасына, достарына шексіз алғыстарын білдірді.

«Өзін-өзі басқару» ұйымының 3 тоқсанға қорытынды кезекті отырысы өтті.

«Ұлыстың ұлы күні - Наурыз» мерекесін тойлау - Қазақстан жерінде бейбітшілік пен достықты нығайту, ұлттық бірегейлікті сақтау, отбасылыққұндылықтарды дәріптеу, қоршаған ортаға, табиғатқа ұқыпты карауды

калыптастыру мақсатында «Қош келдің - әз Наурыз!» тақырыбындамерекелік салтанатты думан өткізілді.

Мерекелік шара барысында мектеп ұжымының қойылымдары койылып,ұлттық ойындар мен жарыстар ұйымдастырылып өткізілді. Мектеп оқушылары әуелете ән салып, күмбірлетіп күй шертіп, енді бірі мың бұрала би биледі.

**Аға тәлімгердің 2023-2024 оқу жылы есебінің қортынысы**

Өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыруына жұмытар жүргізілді. Балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділілігі мен саналылығын арттырдық.Танымдық жұмыстарын ынталандыру барынша қолға алынды.Балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасалынды.Жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілетін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту жұмыстары үнемі жүргізілді. Оқу жылының басында жоспарланған іс-шаралардың барлығы уақытылы өткізілді.



Scanner App Lite